

**ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
МӘДЕНИЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ
КАЗАХСКОГО НАУЧНО-
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО
ИНСТИТУТА КУЛЬТУРЫ**

II том

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТ ИНСТИТУТЫ



МӘДЕНИ ЛАНДШАФТ МҰРА ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы**

26–27 қыркүйек, 2013 жыл

КУЛЬТУРНЫЙ ЛАНДШАФТ КАК ОБЪЕКТ НАСЛЕДИЯ

**Сборник материалов международного
научно-практического семинара**

26–27 сентября, 2013 год

Алматы 2013

СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім

«Мәдени ландшафт» тұжырымдамасының теориялық-әдістемелік негіздемелері

Раздел 1

Теоретико-методологические основания концепта «культурный ландшафт»

Веденин Ю.

Культурно-ландшафтная парадигма наследия 7

Железняков Б.

К дефиниции понятия культурный ландшафт (применительно к памятникам наскального искусства Жетысу) 18

Нурмаматов Р.

Культурный ландшафт и геоисторическое пространство (развитие теоретических концепций в рамках системной теории) 25

2-бөлім

Тарихи және мәдени ескерткіштерді Қазақстан мәдени ландшафт нысаны ретінде қорғау, зерттеу және насихаттаудың қазіргі ахуалы

Раздел 2

Современное состояние охраны, изучения и популяризации памятников истории и культуры как объектов культурных ландшафтов Казахстана

Бексейітов Ф., Талеев Д., Исқақов Ф., Оспанов Е.

Батыс Қазақстан облысындағы 2013 жылы ашылған тарихи-археологиялық ескерткіштер 33

Вержбицки А.

Русско-казахский этнокультурный синкретизм в городах Казахстана 37

Дүкенбаев Н.

Мұражай социологиясы (из опыта заповедника-музея «Азрет-Султан») 42

Касенов М., Ысқақов Ф.

Батыс Қазақстан аймағының табиғи-географиялық және тарихи сипаттамасы 48

Китиев М.

Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұра объектілері. қорғау, зерттеу, басқару мәселелері 55

Кисамедин Г.

Казахский этнографический центр в местности Ак кунгей, Алтайский край Китайская Народная Республика 60

*Ғ. Бексейітов, Д.Талеев,
Ғ.Исқақов, Е.Оспанов,
Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты
Алматы қ., Қазақстан*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ 2013 ЖЫЛЫ АШЫЛҒАН
ТАРИХИ-АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР
(далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері)**

2013 жылдың маусым-тамыз айларында Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты ұйымдастырған «Көшпелілердің тарихын, археологиясын, этнографиясын, мәдениеті мен өнерін зерделеу» экспедициясы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Археолог Ғ.Бексейітовтің жетекшілігімен ғалымдар Д.Талеев, Ғ.Исқақов, Е.Оспановтар қатысқан экспедиция Батыс Қазақстан облысының шығыс, оңтүстік-батыс, батыс аудандарына сапар шекті.

Зерттеу аумағына зираттардағы және бейіттер жанында орналасқан құлпытастар, кесенелер, мавзолейлер, әулиелі орындар мен археологиялық ескерткіштер және шежіре жинақтау мәселелері енді. Ғылыми зерттеу және экспедицияның барлау жұмыстары нәтижесінде 47 нысанда зерттеулер жүргізіліп, 3 кесене орны, 6 жаңа тас ғасырына жататын ескерткіштер, құлпытастар мен әулиелі орындар ашылды. Сонымен қатар елді мекендердегі ауыл ақсақалдары мен жергілікті тұрғындардан қазақ тарихына байланысты, шежіреге қатысты мәліметтер ұнтаспаға жазылып алынды. Ашылған 3 кесене Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының Аққозы (Қоржын) ауылдық округінің жерінде орналасқан. Кесенелердің барлығы да кесек саз балшықты кірпіштен қаланған, толық немесе жартылай сақталған, күмбездері, төбелері құлаған. Ескерткіштердің жанында құлпытастары бар. Бұл кесенелердің атаулары: Досхан кесенесі, Бораш кесенесі, Өте кесенесі. Бұл ескерткіштердің жанына қойылған құлпытастарда араб жазулары мен өрнектері бар. Жергілікті

тұрғындар осы кесене орындарын киелі, әулиелі деп санайды және тағзым етеді. Сондай-ақ бұл ауылдық округтің маңайында жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша атақты Құрманғазының ұстазы болған Үздік (Ұзақ) күйшінің ескерткіш орнын және құлпытасын анықтадық. Алайда құлпытасты мамандар оқығаннан кейін ғана нақты мәлімет аламыз. Әкімшілік тарапынан ескерткіш орны қоршауға алынып, кішігірім тақтайша қойылған екен. Экспедицияның зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында көп жағдайларда жергілікті тұрғындар әулие немесе хазіреттер туралы нақты мәліметтер бере алмады, сол дәуірден хабары бар көнекөз қариялар өмірден өтіп кеткен. Құлпытастарды әулие санап, табынып жүрген халық сол киелі адамдардың тылсым қасиеттерін істеген істерінен дәлел келтіріп, нақты айта алмады, «ата-бабаларымыз сыйынып келген» дегенмен шектеліп отырды. Бұл өңірлерде тас дәуірін зерттеу жаңадан қолға алынып келе жатқан іс. Себебі кеңестік дәуір кезінде осы аймақтарда тас ғасыры көп зерттеле қойған жоқ еді. 2000 жылдардан бастап тас дәуірін бұл жерлерде зерттеп келген ғалымдар: О. Артюхова, Ғ.Бексейітов, Т.Мамиров [1, 7–13, 2, 16–31]. Жоғарыда аталған ғалымдар Батыс Қазақстан облысынан алғаш рет палеолит-неолит кезеңіне жататын тас ғасыры ескерткіштерін ашқан болатын. Жаңадан ашылған жаңа тас дәуіріне жататын ескерткіштер көбіне құмды өзен-көлдер жағалауларында орналасқан. Тас дәуіріне жататын ескерткіштерде тас құралдармен қатар қола мен ерте темір және де ортағасырлық қыш ыдыс қалдықтары, темірден жасалған заттардың қалдықтары, бір дана қола садақ ұшы, ерте темір кезеңіндегі адамдардың шіріген сүйек қаңқалары кездесті. Қыш ыдыстардың қалдықтарының сақталу деңгейі әртүрлі болып келген, сыртындағы өрнектері мен оюлары жоқтың қасы.

Табылған жаңа тас ғасыры ескерткіштеріне: Жетібай, Қаратөбе, Бисен, Бисен-1, Сынтас (Әктау) тауларындағы карьер бойындағы табылу орны және Новая Казанка (Сор-Айдын) тұрағынан қайта зерттеу барысында жинақталған тас құралдар жиынтығы кіреді. Аталған ескерткіштерден табылған тас құралдар: ну-клеустер, қырғыштар, пластинкалар, жаңқалар, екі жағы өңделген қару, қайрақ тастар. Тас дәуірі ескерткіштерімен қатар таңба салынған үлкен алып тас табылды. Бұл ескерткіш осы Сынтас тауының етегіндегі тастар карьері жанында орын тепкен. Онда ру таңбалары қашап салынған. Жалпы осы тастың барлық дерлік бет бөлігінде қазіргі кездегі адамдардың жазулары кездеседі. Зерттеу нысандарымыздың негізгі бөлігі құлпытастарға арналған еді. Экспедицияның мақсаты осы ескерткіштерді есепке алу, суретке түсіру, өлшем бірліктерін алу және ондағы салынған ру-таңбаларына назар аударып суретін салып алу, араб графикасымен қашап жазылған құлпытастардың нақты суретін түсіріп алу болатын.

Құлпытастарды зерттеу барысында әулиелі орындар Жантола ата, Оспан ата, Дәдем ата, Мұстағали, Қажығали, Үлкен хазірет Ұлы Сағи, Кіші хазірет Сүлеймендердің зираттары мен жерлеу орындарындағы құлпытастары ашылды. Ел аузында жүрген осы әулиелердің басына қойылған құлпытастардағы жазу араб графикасы үлгісінде жазылғанымен сақталу деңгейі нашар.

Дегенмен де жоғарыда аталынған аудандардағы құлпытастарды зерттеу барысында Қазақстан аумағындағы құлпытастарға тән ортақ белгілері кездесті. Атақты орыс зерттеушісі А.И. Левшинің ескерткіштерді категориялық нышандық бейнелері бойынша кестесін ұсынған болатын [3]. Бұл кесте бойынша жерленген адамдардың жас ерекшелігі, жыныстық түрі және кәсібі жайлы мәліметтерді құлпытастардағы белгілер арқылы білуге бола

Жас ерекшелік категориясы мен кәсібі бойынша	Мәлімет нышандық белгілер	Автордың деректері бойынша
Ер адамдар	Аттың жалы, лента байланған шапақты найза, қамшы, ер-тұрман, жебелі садақ найзаға өткізілген жылқының бас сүйегі	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]
Бүркітші	Бүркіт немесе қаршығаның стильге келтірілген бейнесі	А.И. Левшин., 112-113 б. [3]
Әйел адамдар	Киіз үйді орнатуға арналған бақан, киіз үй керегесі	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]
Қыз балалар	Шаңырақ уығы	А.А. Кастанье., 84-85 б. [4]
Сәбилер	Бесік	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]

Сонымен қатар Батыс Қазақстан аймағындағы құлпытастарды сыртқы түріне қарай екіге бөлуге болады. Зерттеу барысында Қаратөбе ауданының құлпытастары архитектуралық тұрғыда Маңғыстау мен Атырау облыстарында орналасқан құлпытастарға ұқсас болып келсе, қалған аудандарда мұндай белгілер байқалмайды (өте қарапайым сопақша түрде жасалған). Батыс Қазақстан құлпытастарының тағы бір ерекшелігі адамның толық мәліметтерімен қатар тайпалық, рулық таңба белгілерін басу тән болып келеді. Таңба деген сөздің мағынасына келетін болсақ, бұл атаудың этимологиясы көне түрік сөзінен. Прототүрік тілінде «белгілі бір заттың ізі, қалдығы, табы, із қалдыру» деген мағына береді [5, 5–15]. Қазақ таңбаларының құрылымы негізінен тік, жатық, қиғаш, келте, дөңгелек, жарты доға, ирек сызықшалардан құралған болатын. Осында келтірілген нышандар Батыс Қазақстанның құлпытастарында толығымен ұшырасып отырды. Зерттеу барысында Кердері, Беріш, Шеркеш, Сарыүйсін, Байбақты руларының қорымдары көптеп табылды. Қазіргі таңда зерттеу нышанына айналған бұл объектілер әлі де зерттеуді қажет етеді, көптеген құлпытастар бұзылу қаупінің алдында тұр. Сонымен бірге жиналған дерек көздері шығыстанушылардың, оның ішінде арабтанушылардың жұмысын қажет етеді. Болашақта бұл жұмыстардың барлығы жүзеге асады деп кәміл сенеміз.

Әдебиет

1. Местонахождения каменного века на территории Прикаспийской низменности (Западно-Казахстанская область) по материалам полевых исследований 2011 г. // Археологические исследования в Казахстане. Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения – 14». Шымкент – Алматы: ЮКГУ им. М. Ауезова, 2002.
2. Новые памятники каменного века Западно-Казахстанской области (по материалам полевых исследований в 2001 г.) // Проблемы каменного века Средней и Центральной Азии (материалы международной конференции посвященный 70-летию акад. У.И. Исламова г. Ташкент). Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2002.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996.
4. Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып. 26. Оренбург, 1911.
5. Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары. Алматы, 2010.

*Г.Бексеитов, Д.Талеев,
Г.Искаков, Е.Оспанов*

Историко-археологические памятники Западного Казахстана, обнаруженные в 2013 году (итоги полевого сезона)

В статье представлены результаты экспедиции в Западный Казахстан, организованной КазНИИК в рамках проекта «Проведение научных исследований по изучению истории, археологии, этнографии, культуры и искусства номадов». В ходе экспедиции была проведена работа на 47 объектах, обнаружены 3 надгробных сооружения, 6 памятников, относящихся к новому каменному веку.